



АКВАРЕЛЬДІ КЕСКІНДЕМЕНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

МРНТИ 14.35.09.

Кенжебаева Л. А.¹

¹ Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан.

АКВАРЕЛЬДІ КЕСКІНДЕМЕНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, белгілі қылқалам шебері, бейнелеу өнерінің майталманы Ғани Баяновтың көркем шығармашылық еңбектеріндегі жетістіктері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, суретші шығармашылығындағы кескіндеме өнеріндегі жазу мәнері, жеке дара қолтаңбасы жайлы сөз қозғалады. Суретшінің акварель және майлы бояуда жазылған танымал шығармаларына сипаттама беріліп, сулы бояуды меңгеруіндегі өзіндік құндылығы жайлы айтылады. Сондай-ақ жанрлық шығармаларының тақырыптары мен композициялық шешіміне, сюжеттік мазмұнына ерекше ден қойылады. Көркем шығармашылық өнердің мазмұндық мәні суретшінің туындыларын талдау мақсатында нысанаға алынып, оларға зерттеулер жүргізіледі. Ғани Баяновтың шығармашылық жолы мен қазақ бейнелеу өнеріндегі өзіндік қолтаңбасының аса зер салынып назар аударылады. Оны ұлттық өнеріміздің феномені деңгейіне көтереді. Автордың мақаласында өнер иесінің бірқатар еңбектеріне өнертану тұрғысынан талдаулар жасалынады.

Кілт сөздер: акварель шебері, Қазақстанның майлы кескіндемесі, Қазақстанның бейнелеу өнері, көркем стиль, көркем сурет, көркем шеберхана, графикалық шығарма.

Тамаша кескіндемеші, акварельші, график Ғани Баянов қазақ бейнелеу өнеріне 1970 жылдардың соңында келіп қосылды деуге болады. Оның қолынан шыққан жұмыстары әлемнің бірқатар елдерінде жекеменшік жинақтарда сақталып тұр. Суретшінің Алматы, Мәскеу, Германия, Франция, Түркия, Бельгия, США және де Әбілхан Қастеев

атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер мұражайының қорында да біршама туындылары сақталған [1]. Негізінен өнер адамның жеке өмірі оның шығармашылығына әсер етпей қоймасы анық. Соның бірден бір дәлелін кескіндемеші Ғ.Баяновтың шығармашылығынан да аңғаруға болады. Суретші анасынан бала кезінде,

ерте айырылады. Сол себептен ол кілең әйелдердің, әпке-апаларының ортасында ер жетеді. Байқап отырсақ, оның шығармаларынан осындай отбасылық жағдайдың көптеген сәттері көрініс табады. Әрине, оның мұндай ерекшелігін картиналарын бір көргенде байқай қоймаспыз. Алайда назар аудармақараған адамға бұл ерекшелік бірден аңғарылады. Осылайша өнер адамының нәзік сезімдері мен өмірді өздігінше қабылдауы оның шығармашылығымен тікелей астасып жатқандығын байқаймыз.

Негізінен суретші Ғани Баяновтың майлы бояумен жазылған картиналарының акварельмен салынған суреттеріне қарағанда өзіндік ерекшеліктерімен өзара ұқсастықтары бар. Бұл туындылардың ерекшеліктері қылқалам шеберінің майлы бояумен салынған картиналарындағы өзіндік атмосферасында. Оны кейбір картиналарындағы белгілі бір түстің басым берілуімен айтуға болатын секілді. Ал кенепте майлы бояумен жазылған суреттерінің өзара ұқсастығы ретінде мына нәрсені айтуға болады. Қылқалам шебері туындыларының көпшілігінде бояуды қалың жағады және сол арқылы белгілі бір өлшемді көрсеткісі келеді. Сонымен қатар екінші бір ұқсастығы ретінде суреттеріндегі түс ерекшеліктерін айтуға болады. Майлы бояумен салынған жұмыстарының басым көпшілігінде белгілі бір нақты түсті кездестіру қиын. Керісінше түстердің өзара араласуы арқылы пайда болған ерекше түстер көптеп қолданылады. Сол себептен суретшінің туындылары көрерменін ерекше көңіл-күймен баурап алады. Өзінің тылсым күші мен қарапайым оқиға желісі де картинаның құнын одан әрмен арттырып тұрғандай. Нақтырақ айтқанда, Ғани Баяновтың

майлы бояумен жазылған картиналары өзінің түс ерекшелігімен, қалың бояуы мен астары терең мазмұнымен өзге суретшілерден ерекшеленіп тұрады.

Ғ.Баяновтың акварельмен жазылған жұмыстарына қайта оралар болсақ, соның бірі «Кедейлер» деп аталатын туындысы (сурет 1).



Сурет 1 – «Кедейлер», қағаз, акварель

Картинада арқасы мен қолына дорбаларын асынған, таяқ ұстаған ер мен әйелдің образы суреттелген. Олардың жүзінен тотыққан, өмірдің сындарлы сәттерінен шаршаған адамдардың кейпін көруге болады. Десе де олардың арғы жағындағы шарбақтағы екі сызық өмірдің осындай қиын кезеңінен өтуге болатынын, бұл да уақытша кезең екенін бейнелейтіндей. Кедейлердің сол екі сызықтың қақ ортасында бейнеленуі олардың тағдырдың осындай қыспақты, кедей кезінде жүргендігін ұқтырады. Ал олардың әлгінде айтқан екі шекті сызықтан асып, алға қарай жүріп бара жатқан бейнелері мұндай қиын кезеңнен де өтетін күн алыс емес екендігін, кедейлік те өтпелі кезең екенін ұқтырып тұрғандай. Алдында ер адам, оның артында қолтықтаған әйел адамының образы да өте астарлы, тәрбиелік мәні

зор көрініс. Олай дейтін себебіміз, қазақ халқында үйдің отағасы, ер адам қашан да бірінші болатын болған. Ал әйел болса қай уақытта да ерінен бір саты төмен тұратындығын қылқалам шебері образды түрде өте жақсы бере білген. Сонымен қатар, әйел адамы ерінің қолқанаты, демеушісі екендігін оның ерінің қолдығынан ұстап тұрған қолынан аңғаруға болады. Осындай әрбір детальді мән-мағынасымен жеткізе білген суретші қарапайым ғана көріністен терең мағынаны іздейтіндей. Ендігі жерде картинаның кәсіби түрдегі салыну шеберлігіне тоқталар болсақ, бейнелеу өнеріндегі басты заңдылық көлеңке мен жарықтың берілуі аталмыш туындыда шебер жазылған деуге толықтай болады. Ғани Баянов бұл картинасында акварель бояуын жеңіл қолдана білген. Сондай-ақ ауыр түстермен салу арқылы суретті жақсы кескіндей білген. Қылқалам шеберінің «Кедейлер» атты картинасы өте сәтті шыққан туындыларының бірі деп айтуға толықтай мүмкіндік бар.

Ғани Баяновтың акварельмен жазған келесі екі туындысы тақырыптық жағынан да, оқиға желісімен және оның өткен жері бойынша да бір-біріне өте қатты ұқсайды. «Үш соқыр» (сурет 2) және «Соқырлар» туындысы адамдар арасындағы әлсіз топтағыларын



Сурет 2 – «Үш соқыр», қағаз, акварель

суреттейді. Екі картинада шеті мен шегі жоқ ұзақ жолда кетіп бара жатқан зағип жандар бейнеленген. Осы орайдағы картиналардың тек бір ғана айырмасы, ол алғашқы суретте үш адам болса, кейінгі картинада одан сәл ғана көбірек, бар болғаны бес адам бейнеленген. Ал қалған элементтері, оқиғаның өткен орыны, зағип жандардың жүру бағыты, барлығы дерлік бір-бірінің көшірмесі іспеттес. Алайда алғашқы картина күндізгі уақытты көрсетсе, кейінгі картина таң бозарып атып келе жатқан уақытты көрсетіп тұр. Қалай дегенмен де картиналардағы оқиға желісі бір. Өмірдің керуен жолында біреу тойып секірсе, біреу тоңып секіретіні секілді көз жанарынан айырылған жандар қашан да біреудің көмегіне мұқтаж болып келетіні жасырын емес. Алайда Ғани Баяновтың кейіпкерлері өзгелердің көмегіне сүйенбестен, өмірдің бұралаңы көп жолында өз беттерінше, бір-біріне демеу болып, өз жолдарын өздері тауып келе жатыр. Осындай кейіптерінен-ақ олардың өмір ағысына қарсы жүзе білетін, қайратты да қайсар, және ең бастысы, өмірге деген құштарлығы жоғары жандар екендігін байқаймыз. Олар сырт көзге мейлінше аянышты, жабырқау көрінгенімен олардың іште жатқан болашаққа деген сенімділігі алға қарай жетелеуде. Алдарынан не күтіп тұрғанын білмесе де зағип жандар тек қана алға қарай қадам басуда. Ал олардан тым алыста жатқан ауылдың бейнесі бұндай күрделі де қиын кезеңмен өмір мүріп жүрген жандардың бар екендігінен бейхабар екендігін көрсетіп, ауылдың кейіпі мүлгіп тұрғандай. Расында да, шынайы өмірдің өзінде зағип жандардың күйін кешіп жүрген қаншама жандар бар екендігі жасырын емес. Ал олардың басынан өткерген күрделі кезеңі мен көрген түрлі

қиындығын қарапайым адамдардың түсіне қоюы екіталай. Оларға деген осындай салқын қарым-қатынас картинада жақсы суреттелген. Негізінен туындының салыну шеберлігі туралы айтар болсақ, қылқалам шеберінің жарық пен көлеңкенің берілуі, бір реңкті түстің басымдығы сынды түрлі кәсіби шеберліктерін байқау қиын емес. Жалпы алғанда Ғани Баяновтың қайсібір картинасын алып қарасақ та олардың әрқайсысы тақырыптық жағынан мүлт кеткен емес. Және сол тақырыпты ашу барысында ештеңеден аянып қалмайды. Сол секілді жоғарыда атап өткеніміздей, соқыр адамдардың тағдырын суреттеген қылқалам шеберінің ерекше қыры картинаның тақырыбын аша білгендігімен көрініп тұр.

2014 жылы Ғани Баяновтың акварельмен жазылған жұмыстарының басын қосқан «Акварель. Ғани Баян» атты көрмесі өткен болатын. Аталмыш көрмеге қылқалам шеберінің шеберханасынан алынған 40-қа жуық туындылары қойылды. Осы көрменің барысында акварельші өзінің ішкі толғаныстары мен пікірлерімен бөліскен болатын (сурет 3)



Сурет 3 – «Бастаңғы», қағаз, акварель

«Ғани Баянов акварельмен жұмыс істеу үшін ерекше рухани күш-қуат керек әрі ол кезде кескіндемені қоя тұрған жөн деп есептейді. Майлы бояуда көрсете алмағаныңды акварельде күңгірт түстермен беруге болады. Суретшінің акварельдері мүлтіксіз түстік шешімімен және фактуралары мен сызықтарын аса шеберлікпен тамаша қоса білуімен ерекшеленеді. Ол акварельдің әсерлі болып шығуын алдыңғы орынға қоймайды, оның дербес және мықты материал екендігін көрсеткісі келеді» [2, б. 86]. Расында да, акварельмен жұмыс жасау үшін асқан сезімталдық пен төзім, үлкен жауапкершілік қажет. Сонда ғана салынған жұмыс жақсы әрі еш жері бүлінбей шығатыны жасырын емес. Ал Ғани Баяновтың бейнелеу өнерінің ішіндегі осы саланы, акварель техникасын таңдауы да тегін емес болар бәлкім. Жоғарыда тоқталып өткен көрменің мақсатына келер болсақ, акварельші Ғани Баяновтың өзі айтқандай, акварель бояуының кең мүмкіндігін көрсетіп, оның өздігінше дербес материал екендігін дәлелдеу болып табылады. Дегенмен, акварель қазіргі қазақ бейнелеу өнерінде әлі де болсын толық сыры ашыла қоймаған, суретшілер көп қолдана бермейтін таңсықтау материал болып отыр. Ал қазақ бейнелеу өнерінің тарихын парақтар болсақ, Ә. Қастеев пен Ү. Әжиев осы акварельмен сурет салу техникасының саусақпен ғана санарлық хас шеберлері болғандығын білеміз. Ал бүгінгі күнде олардың ізін жалғаушы ретінде аға буын өкілдерінен акварельші Ғани Баяновты айтуға болады. Оның жұмыстарына қазіргі кезде көрермен тарапынан жағымды пікірлер айтылып жүргендігі суретші өнерінің жоғары деңгейін көрсетсе керек.

Суретшімен тілдескенде өзінің бейнелеу өнеріне деген қызығушылығының бала кезден бастау алғанын айта келіп, ең алғашқы суреттерін қарапайым қарындашпен салғанын емірене есіне алды. Ал бояумен бар болғаны есейіп, ес білген шағында, шамамен он сегіз жасында сала бастаған. Бала Ғанидың бойында көркемсуретке деген қызығушылық болғанымен, бір қызығы да сол, ол өзінің білімін жетілдіру жолында қай оқу орнына түсу қажеттігінен мүлде хабары болмаған екен. Тек көршілерінің айтуымен, келер жылы Алматы көркемсурет училищесінде Сопуковтың шеберханасында білім алады. Суретші өзінің шығармашылығына кімнің ықпалы болғанын да жасырмады. Айтуына қарағанда, жас кезінде орыс суретшісі М. А. Врубельдің жұмыстарына қызығушылығы болған. Кейін, уақыт өте келе Батыстың бейнелеу өнерімен, атақты суретшілерімен танысқаннан кейін Джорджоне, Д. Веласкес сынды танымал суретшілердің туындыларын жоғары бағалайтынын жеткізді. Десе де, олардың өзінің шығармашылығына тікелей әсер етпейтіндігін ашып айтты. Ол өз шеберлігін шәкірттеріне үйретіп келген білікті ұстаз да бола білді. Бейнелеу өнерінің сан алуан қыры мен сырына қанықтырған ұстаз шәкірттеріне «суретшінің ең құнды артықшылығы, ол өзінің жолын таба білуі» екендігін үнемі айтып отыратын көрінеді. Десе де шәкірттерінің арасында сондай өзінің дара жолын таба алмай кеткендері де, керісінше, осы өнердің жетегінде кетіп, өз арнасын тапқандары да бар.

Ғани Баяновтың шығармаларының басым көпшілігінде Азиялық колорит басым. Мұны қылқалам шеберінің өзі де растайды. Оның айтуына қарағанда, Еуропаның да, өзгенің де

тақырыптық, стильдік бағыттарымен танысып, кейбір жұмыстарын сол бағытпен салғанымен ақыры соңында Шығыстық, Азиялық бағытты, бейнені өзінің шығармашылық жолының басты қағидасына айналдырды. Суретші әрбір картинасын салуда қаншалықты күш-жігерін, шеберлігін жұмсағанымен оның жұмысы туралы замандастары мен жақындарының пікірі маңызды екендігін айтады. Сонымен қатар өмірлік жарының да өзінің шығармашылық жолында айтарлықтай әсері бар екенін ашып айтты. «Жұбайым Қызылорданың қызы болғандықтан, оның бойынан, сөйлеу мәнерінен, жүріс-тұрысы мен қарым-қатынасынан қазақылық есіп тұрады. Сондықтан менің шығармашылығым тікелей болмаса да, жалпылама әсер етеді», - дейді Ғани Баянов. Ол өзінің суреткерлік жолында ең алдымен майлы бояумен жұмыс жасаған. Сол жолда танымалдылыққа да ие бола бастады. Кейіннен акварельмен жұмыс істей бастағанда бұл бояудың күрделілігі мен тереңдігін ұғына бастайды. Суретші акварельді алғашында жәй ғана қарапайым бояу, онымен жұмыс жасау өте оңай деп ойлағанын да жасырмайды. Бар болғаны акварельмен тұрақты түрде жұмыс жасай бастағаннан кейін ғана оның бүкіл болмысын түсіне бастайды. Соңғы кезде осы акварельмен жазылған жұмыстарының арасында өзінің көңілінен шығып жүрген картиналары да бар секілді. Қылқалам шебері Ғани Баянов өзінің бір әңгімесінде бейнелеу өнеріндегі өзінің дара жолын, суретшілік тілін осы акварельден тапқандығын ашып айтты.

Негізінен қылқалам шеберінің акварельмен жазылған туындыларын бірнеше топтамаға бөлуге әбден болады. Оның жұмыстарын саралап отырып бір нәрсені аңғаруға болады. Ол –

тсуретшінің отбасына деген махаббаты. Сол сүйіспеншілігі оны санасында сақталып қалған естеліктерімен бөлісіп, оны қағаз бетіне түсіруіне итермеледі. Бала Ғани анасынан ерте айырылғандықтан оның қасынан үнемі әпкелері табылып отырды. Отбасының барлық мүшелері кешке қарай бас қосатын. Сол сәттерден күні бүгінге дейін бала Ғанидың есінде әпкелерінің өзара күбір-күбір әңгімесі, керосин шамы, от, отырған қария мен оның қасына жағалай отырған балалардың образы сақталып қалды. Содан бері Ғани Баяновтың жұмыстарында сопылық философияда жан сақтайтын орынға теңестірілген шамшырақ орын табады (сурет4).



Сурет 4 – «Ән салушылар», қағаз, акварель

Ал «Жолаушылар» және «Үргенішке қашу» атты картиналарында көшпенділердің мәңгілік тақырыбы көрініс тапқан деуге де болады. Бұл туындыларындағы оқиға желісі өмірде шынайы түрде болған. Кескіндемеші, график және акварельші Ғани Баяновтың қылқаламынан шыққан туындыларын талдап, талқылай келе қорытып айтар болсақ, оның әрбір картинасынан сурет өнерінің өзіндік салмағы, суретшінің авторлық қолтаңбасы мен айрықша көзқарасы

сезіліп тұрады. Ол өзінің туындыларына қарапайым тақырып пен қарапайым оқиға желісін таңдай отырып астарлы түрде терең мән-мазмұнға жетелейді. Сол арқылы өмірдің мәні мен мағынасын, отбасылық құндылықтардың өмірдегі бағасын, адамдар арасындағы жіпсіз байланыс пен нәзік сезімді жеткізеді. Оның картиналарына қараған адам іштей жан тыныштығын табатыны сөзсіз. Өйткені Ғани Баяновтың жұмыстарынан қандай да бір бас қатырарлық шырғалаң көріністер мен ғаламдық мәселелерді кездестіру қиын. Есесіне қарапайым ғана әке мен шеше, әпке мен қарындас, ұстаз бен шәкірт, бай мен кедей сынды кейіпкерлерді көруге болады. Өзіңіз байқап отырғандай, бұл кейіпкерлер баршамыздың күнделікті көзбен көріп, әңгіме-дүкен құрып жүрген адамдарымыз. Бірақ суретшінің ой-қиялының күшті болғандығының әсерінен біз бұл кейіпкерлерді басқаша көзбен, өзгеше көзқараспен қабылдаймыз. Бәлкім бұл да болса Ғани Баянов сынды қылқалам шеберінің кәсіби біліктілігі мен жоғары деңгейдегі суретші екендігінің дәлелі болса керек. Оның тағы бір дәлелі, суретшінің түс берудегі ерекшелігі. Ғ. Баяновтың көптеген картиналарынан белгілі бір айқын да қанық түсті көру қиына соғады. Себебі ол мұндай баршаға белгілі түстерді туындыларында көп қолданбайды. Керісінше сол түстерді бір-бірімен үйлесімділікте араластыра отырып өзгеше бір түс ойлап табады. Соның нәтижесінде бейнелеу өнеріндегі қолданылатын түстердің қатып қалған заңдылығына қарсы тұрып, өздігінше, кәсіби тұрғыда өзінің дара жолын таңдайды. Осылайша Ғани Баянов бүгінгі қазақ бейнелеу өнеріндегі есімі елге біршама деңгейде танымал суретші

тұлғасына айналды.

Демек, қазіргі жас суретші буын да, аға буын өкілдері де бірінші кезекте ұлттық құндылықтарымызды естен шығармағаны жөн деп білеміз. Әрбір туындымызда ұлттық леп сезіліп тұрса, әлемдегі көптеген халықтар бізді солай қабылдаса, онда қазақ халқы үшін содан асқан құндылық жоқ десек қателеспейтін болармыз. Әрине, қазіргі қоғам жаңашылдықты, өзгешелікті, қайталанбас бейнедегі суреттерді талап етеді. Солай екен деп ұлттық құндылықтарымызды бейнелеу өнері арқылы әлемге таныту керектігін әрбір суретші тұлға жадында сақтаса құба-құп болатын еді.

Ғани Баяновтың өзі алғашында акварель бояуын қарапайым бояудың түріне жатқызып, онымен жұмыс жасауды оңайға санағанын жасырмайды. Алайда акварельдің өзіндік сыры мен қиындығы бар екенін онымен жұмыс жасай бастағанда бірақ біледі. Расында да акварельмен жазу өзге бояуларға қарағанда күрделі әрі нәзік болып келеді. Онда қылқаламның әрбір сызығы маңызды рөл атқарады. Жалпы акварель бояуының ерекшелігі оның мөлдірлігінде жатыр. Суретші Ғани Баянов акварельді қолданғанлы бері оның кескіндеме өнерінің ішіндегі ең әсерлі түрі екендігін түсінеді. Осылайша ол бейнелеу өнеріндегі өзінің дара жолы мен суреткерлік тілін осы акварельден табады. Басқаша айтқанда, қылқалам шеберінің өзіндік стилі ретінде акварель бояуын айтуға болады. Жалпы Ғани Баяновтың туындыларының тақырыбы және сюжеттік желісі өте қарапайым. Бірақ соған қарамастан

«оның астарындағы терең де мазмұнды ойы, философиялық мағынасының шеңберінде шек жоқ деуге болады» [3]. Қылқалам шеберінің туындылары өзінің жылы көрінісімен көрерменін баурап алары сөзсіз.

Ғани Баяновтың қайсібір картинасын алып қарасақ та одан түстердің қолданылу ерекшелігін байқамау мүмкін емес. Майлы бояумен немесе акварельмен жазылған кез-келген туындысында қарасақ, онда түстердің нақты бір қанық түсі не болмаса айқын шекарасы жоқ. Бар болғаны бір-бірімен астасып, біріне бірі сіңіп кеткен түстердің шексіз еркіндігін көреміз. Бұл да болса суретшінің өнеріндегі еркіндікті аңғартып, өзіндік тәсілінен хабар беріп отырған секілді [4].

Жалпы қазіргі қазақ бейнелеу өнерінің жан-жақты дамуы жолында Ғани Баяновтың акварельмен жазылған картиналарының қосқан үлесі жетерлік. Олай дейтін себебіміз, жоғарыда айтып өткеніміздей, акварельмен жұмыс жасау асқан сезімталдық пен мұқияттылықты қажет ететін кірпияз саласы болғандықтан шығармашылық жолында акварельді пайдаланатын суретшілер жоқтың қасы. Қазақ бейнелеу өнерінің тарихынан білетініміздей, акварель бояуымен жұмыс жасаудың хас шеберлері атанған Ә.Қастеев пен Ү.Әжиев сынды тұлғалардың туындылары осы саланың жауһарлары деуге болады. Ал бүгінде сондай ұлы тұлғалардың ізін жалғаған акварельші-кескіндемешісі ретінде Ғани Баяновтың есімін Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихында мәңгі сақталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Серебряный светильник» Гани Баяна // www.kursiv.kz (қарастырылған мерзімі 12.08.2018)
2. Ергалиева Р. А., Труспекова Х. Х, Шарипова Д. С, Юсупова А. К., Батурина О. В., Каргабекова Р. И., Ыдырыс З. А. 100 шедевров искусства Казахстана. – Алматы: Жибек жолы, 2013. – 264 б.
3. Байжігітов Б. К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырағындағы сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым - өлке, 1998. – 112 б.
4. Муканов М. Ф. Романтизм сюжетов и художественных образов в живописи А. Аканова

Кенжебаева Л.А.

Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан

МАСТЕР АКВАРЕЛЬНОЙ ЖИВОПИСИ

Аннотация

В статье рассматривается творчество известного художника, члена Союза Художников Республики Казахстан, мастера акварельной живописи Гани Баянова, а также прослеживается творческий путь художника в области изобразительного искусства. Особое внимание уделяется специфике художественного языка, закономерностям его развития и места образно-живописной структуре произведений, описывает известные произведения художника, написанные в акварелью и маслом. Особое внимание уделяется темам и композиционным решениям жанровых произведений, сюжетному содержанию. Автор рассматривает уровень художника как феномена в области национального изобразительного искусства. А также дается подробный искусствоведческий анализ по отдельным видам работ художника.

Ключевые слова: мастер акварели, масляная живопись Казахстана, изобразительное искусство Казахстана, художественный стиль, художественный образ, живописная мастерская, графическое произведение.

Kenzhebayeva L.A.

Kazakh national academy of arts of the name T.K. Zhurgенова, Алматы, Kazakhstan

MASTER OF WATER-COLOUR PAINTING

Abstract

In the article it is examined the work of Gani Bayanov, who is well-known artist, the member of Union of Artists of the Republic of Kazakhstan, master of the watercolor painting and also traces of creative way of the artist in the area of fine art. The special attention is spared to the specificity of artistic language, to conformities to law of his development and place to the figuratively-picturesque structure of works; describes the well-known works of artist, written in by a water-colour and oil. The special attention is spared to the themes of the pictures. This article shows the creation and professional achievements of Gani Bayanov. And given analysis of art expert on another works of artist.

Key words: master of watercolors, oil painting of Kazakhstan, visual art of Kazakhstan, art style, artistic image, painting workshop, graphic work.

Автор туралы мәлімет:

Л.Ә.Кенжебаева – өнертану магистрі, Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы,
e-mail:Leyla.abdygani@mail.ru

Сведения об авторе:

Кенжебаева Л.А. – магистр искусствоведение, старший преподаватель, кафедры «История и теория изобразительного искусства» Казахской национальной академии искусств им.Т.К.Жургенова
e-mail:Leyla.abdygani@mail.ru

Author's data:

Kenzhebayeva L.A. – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department "History and Theory of Fine Arts" Kazakh National Academy of Arts named after T.K.Zhurgenov
e-mail:Leyla.abdygani@mail.ru